**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 02.09 - 06.09.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: :Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына ( Мұзафар Әлімбаев )**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жұмбақ**<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз мезгілі) | **Мақал мәтел**<br>Тіл ақылдың өлшемі.<br>Тіл –достықтың алтын көпірі.<br>**Өнегелі 15 мин.** Ата-аналарға **«Сәлем – сөздің анасы»** Ата-аналарды балабақша ережелерімен таныстыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркемай»мектепалды топтары**<br>**«Менің балабақшам»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>-то-то-то-топ<br>-үс-үс-үс-үстел<br>-ық-ық-ық-ор-ын-дық<br>-ша-ша-ша-ба-ла-бақ-ша<br>**Сөздік қор:** балабақша – детский сад, топ – группа, үстел -стол, орындық - стул,қыз - девочка, ұл – мальчик<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Дидактикалық/ойын: **«Есіңе сақта»**<br>Шарты: топты бағдарлап не көріп тұрғанын сұрау.<br>- Айналамыздан не көріп тұрмыз?<br>- Күнде таңертең біз қайда келеміз?<br>- Кіммен келесіңдер?...<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Дидактикалық/ойын: **«Заттарды топта»**<br>**Мақсаты:** Баланың ойлау қабілетін дамыту. Суреттегі заттардың атын айтқыза отырып, сөйлеу мәдениетін дамыту. | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркемай»мектепалды топтары**<br>**«Тілім менің тірегім»**<br>**Мақсаты:** Балаларды тіл туралы түсініктерін айта білуге үйрету.<br>**Сөйлеудіңдыбыстық мәдениеті:** қазақ тіліне тән **Ө,Ә** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**Сөздік қор:** тіл, сөз,сөйлем, тілім, елім, ана тілі, қазақ тілі<br>**Тілдің грамматика-лық құрылымы:**<br>**«Тіл жүйрікте кім жүйрік» саяхат сабағы.** Белгілі бір әріптерден басталатын сөздерді балалар жалғастырып айту. Мысалы: алма, айна, аспан, алмұрт, Астана т.б. **Мақсаты:** Саяхат жасау арқылы балалардың тілге деген құрметін дамытып, анық сөйлеуге дағдыландыру. **Байланыстырып сөйлеу:**<br>**«Сиқырлы қоржын» ойыны.** Мақсаты: Сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдану.<br>Балалар кезекпен келіп, көздерін жұмып қоржындағы ойын-шықтарды алады да саусақтарымен ұстау арқылы қай ойыншық екенін айта алады. Түстерін атайды. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.<br>**Сергіту сәті:** «Айтқанды орында» түрлі іс-қимылдарды орындату. Отыр, тұр, жүгір, секір. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Күй күмбірі: Сарыарқа**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Аяқты нық басайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып алайық. | **Күй күмбірі: «Сарыарқа»** |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар, жеке жұмыс, диологтар тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:** терезе – окно, кілем – ковер, төсек – кровать, балабақша – детский сад, топ – группа, үстел - стол, орындық - стул,қыз - девочка, ұл– мальчик, аула – двор, бөлме –комната, тәрбиеші –воспитатель, мұғалім –учительница.<br>**(Азиз,Мансұр,Несибе))** | **Диалог:**<br>-Таңертең сендер қайда келесіңдер?<br>-Топта не бар?<br>Балабақша қандай? (Айсезім,Арлан,Наргиз,Хан) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 09.09 - 13.09.24.
**Қазақ тілі мұғалімі: :** Тулекова М.А
**Дәйек сөз: Жанұям – қорғаным, ата – анам – тірегім !**

| Күн тәртібінің кезеңдері | **Сейсенбі** | **Ьейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Атам, менің ақылды,<br>Әжем, менің мейірімді,<br>Әкем, менің қайратты.<br>Анам, менің әдемі.<br>Тату өскен ұл-қызы,<br>Жарасымды отбасым. | Қайырлы таң, анашым<br>Қайырлы таң, әкешім.<br>Бізді асыға күтетін<br>Бүгінгі күн ерекше,<br>**Өнегелі 15 мин.** Ата-аналарға : «Бала тәрбиесі – ортақ іс», «Менің отбасым» |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай»мектепалды топтары**<br>**«Менің отбасым»**<br>**Мақсаты:** Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, дыбыс-тарды дұрыс айтуға дағдылан-дыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** от-от-от- отбасы, та-та-та-тату, ә-ә-әке, ә-ә-әже, а-а-ана, та-та-ата.<br>**Сөздік қор:** Отбасы , ата , әже , әке, ана , аға , апа , іні сіңлі.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: «Тіл жүйрікте кім жүйрік» саяхат сабағы.** Белгілі бір әріптерден басталатын сөздерді балалар жалғастырып айту. Мысалы: алма, айна, аспан, алмұрт, Астана т.б.<br>**Мақсаты:** Саяхат жасау арқылы балалардың анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Еркін сюжетік ойын «Менің отбасым».** Суретке қарап әңгіме құрастыру<br>**Мақсаты:** әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. **Күй күмбірі: Көңіл толқыны**<br>**Сергіту сәті:** | **Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай»мектепалды топтары**<br>**Менің отбасым»**<br>**Мақсаты: :** Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** от-от-от- отбасы, та-та-та-тату, ә-ә-әке, ә-ә-әже, а-а-ана, та-та-ата.<br>**Сөздік қор:** Отбасы , ата , әже , әке, ана , аға , апа , іні сіңлі,бөпе<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: «Тіл жүйрікте кім жүйрік» саяхат сабағы.** Белгілі бір әріптерден басталатын сөздерді балалар жалғастырып айту. Мысалы: алма, айна, аспан, алмұрт, Астана т.б.<br>**Мақсаты:** Саяхат жасау арқылы балалардың анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Еркін сюжетік ойын «Менің отбасым».** Суретке қарап әңгіме құрастыру **Мақсаты:** әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Күй күмбірі:**<br>**Сергіту сәті:** |
| **Балалармен күнделікті жұмыс** | **Сөздік минимум:** Отбасы , ата , әже , әке, ана , аға , апа , іні , сіңлі, нағашы, бауыр, ағайын, туысқан. | **Ұлттық ойын: «Ақсерек пен Көксерек» Мақсаты:** балалар қарым-қатынасын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| **(сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диологтар** | **(Сартай,Уалихан,Ақжан))** | |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «**LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 16.09 - 20.09.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Тақпақ**<br>Ақыл ойын даланың,<br>Ана тілден аламын.<br>Ана тілім ардақта,<br>Ақ сүтіндей анамның. | Қызыл көзі жанғанда,<br>Сынық сүйем баспа алға<br>Сары көзін ашқанда,<br>Қарап қалма аспанға,<br>Жасыл көзін ашқанд<br>Өте бергін жасқанба? |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Бағдаршам – біздің досымыз!»**<br>**Мақсаты:** Жол жүру ережелрін біле отырып, берілген сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ер-ер-ереже, ыл-ыл-қызыл, жа-жа-жасыл, са-са-сары, дар-дар-бағдар, ша-ша-шам.<br>**Сөздік қор:** жол, ереже, бағдаршам, қызыл, жасыл, сары, ақжолақ, көше,көлік, аялдама<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** «**Бағдаршам – біздің досымыз!»** жолда жүру ережесімен таныстыру Балаларға слайдтан бағдаршам суреті көрсетіліп сұрақтар қойылады.<br>- Балалар суреттен не көріп тұрсыңдар? Неліктен үш түспен бейнеленген? .<br>**Байланыстырып сөйлеу: Бағдаршам ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалар есте сақтау қабілетін дамыту, бағдаршам түстері,ережесін үйрету. Балалар қызыл түсті дөңгелек көрсеткенде тыныштық сақтайды, сары түсті дөңгелек көрсеткенде алақандарын соғады, ал жасыл түсті дөңгелекті көрсеткенде жүреді.<br>**Күй күмбірі: «Адай»**<br>**Сергіту сәті** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Жол ережелері.»**<br>**Мақсаты:** Жол жүру ережелрін біле отырып, әңгімелесе білуге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ер-ер-ереже, ыл-ыл-қызыл, жа-жа-жасыл, са-са-сары, дар-дар-бағдар, ша-ша-шам.<br>**Сөздік қор:** жол, ереже, бағдаршам, қызыл, жасыл, сары, ақжолақ, көше,көлік, аялдама<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** «**Жол ережелерін білеміз бе?»** жолда жүру ережесімен таныстыру. Балаларға слайдтан жол ережелері суреті көрсетіліп, сұрақтар қойылады.<br>- Балалар суреттен не көріп тұрсыңдар? Неліктен түрлі түспен бейнеленген? Балалар жауаптарынан соң бағдаршам не үшін керектігі түсіндіріледі. Бағдаршам бізге жолдан өтуге көмектеседі, жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды: Жолдан жүгіріп өтуге болмайды.Жол қиылысынан абай болып өту, көшелерде, жолда доп ойнауға, шанамен сырғанап ойнауға болмайды.Бағдаршамның үш көзі жаяу жүрушілерге және көлікпен жүргенде бағдарлап тұрады, адамдарға көмектеседі. Жасыл түсі жанғанда адамдар жолдағы ақ жолақтармен өтеді.<br>**Байланыстырып сөйлеу: « Дұрыс қайтала, көрсет »** - дидак/ойын.Үлестірмелі қима суреттермен жұмыс жүргізіледі. Сөздерді қайталап, қолдарындағы |

| | | |
|---|---|---|
| | | суреттерді көрсетеді.<br>**Сергіту сәті** .<br>Добым, добым, домалақ<br>Қайда кеттің домалап<br>Секіресің, зырлайсың<br>Бір орнында тұрмайсы |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диологтар тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:** жол, ереже, бағдаршам, қызыл, жасыл, сары, ақжолақ, көше,көлік, аялдама<br>**(Мектепалды топ)** | Тіл ұстарту<br>жаттығуларын<br>жасату (Наргиз,Дінмұхамед,Асылым,Адина) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «**LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 23.09 - 27.09.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. ( Абай)**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жапырақты бояды,<br>Атырапты бояды<br>Бояп-бояп барлығын<br>Сап-сары ғып қояды<br>(күз)<br>**Өнегелі 15 мин.** Ата-аналарға «Еңбек бәрін жеңбек». | Біз ұқыпты баламыз ,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықтарды жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Біз еңбекқор баламыз»**<br>**Мақсаты:** Балалармен әңгімелесу, қарым-қатынас және еңбек дағдыларын игеру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** үз – үз – үз –күз, жаңбырлы күз. ел-ел-соғады жел, ең-бек, ең-бек-қор.<br>**Сөздік қор:** Күз, жапырақ, сары,жел, жаңбыр, еңбек, еңбекқор, тілалғыш, ұқыпты, еңбексүйгіш<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:. : «Мен еңбекқор боламын».**<br>**Мақсаты:**балаларда еңбек ету дағдыларын дамыту. Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады.Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты келесі балаға лақтырады. Мысалы: Мен ойыншықтарды жинаймын. Мен гүлдерге су құямын. Мен киімдерімді реттеймін, т.б.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Суретпен жұмыс**. **«Күз мезгілі»** тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру.<br>- Қазір жылдың қай мезгілік?<br>- Күз мезгілінің ерекшелігі қандай? Күз мезгілі туралы суреттер.<br>**Күй күмбірі: «Әлқисса»**<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар, | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Күз- береке, күз - байлық»**<br>**Мақсаты:** Балалармен әңгімелесу, қарым-қатынас дағдыларын игеру<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: :** үз – үз – үз –күз, жаң-быр, жаңбырлы күз. Ел-ел-соғады жел.<br>**Сөздік қор:** Күз, жапырақ, сары, жел, жаңбыр, өсімдік, жомарт күз, еңбек,<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Дидактикалық ойын. **«Күз-байлық, күз -еңбек?». Мақсаты:** Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, сұрақтарға қысқа және толық нақты жауап беруге баулу, еңбекқорлық қасиеттерін білу.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасау арқылы өлеңді жаттау, тақпақтағы «жел», «тербеледі», «өседі» деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу.<br>**Сергіту сәті** . Алақанды ашайық, |

| | | |
|---|---|---|
| | Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі. | Күннің нұрын салайық<br>Таза ауадан алайық,<br>Достық мейрін салайық<br>Жүрек жылуын салайық,<br>Осы жақсы лебіздерді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>**Күй күмбірі: «Құсқайтару»** |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диологтар тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум: :** Күз, жапырақ, сары,жел, жаңбыр, еңбек, еңбекқор, тілалғыш, ұқыпты, еңбексүйгіш | Жақсы бала еңбекшіл,!<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай<br>Болайықшы досым-ай.<br>**(Айсұлтан,Медина,Амина,Алимжан)** |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «**LauRus**» **балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 30.09 - 04.10.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз:** «Ежелден ел тілегі-ер тілегі
Адал ұл ер боп туса-ел тірегі!» (Б.Момышұлы)

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Жұмбақ**<br>Сары қозы, көк қозы,<br>Қарындары тоқ қозы,<br>Күздігүні көп қозы,<br>Қыстыгүні жоқ қозы. (қауын-қарбыз)<br>мектепалды<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз мезгілі) | **Мобильді кітапхана** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Күз сыйы**<br>**Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті**<br>үз-үз-күз– келді міне күз, -ніс-ніс-көкөніс, - дә-дә-дәмді, біз-біз-сәбіз<br>**Сөздік қор**<br>Көкөніс-овощи, қияр- огурцы, қызанақ -свекла, асқабақ-тыква, пияз-лук, тәтті бұрыш, ащы бұрыш-горки перец, сарымсақ-чеснок, картоп, сәбіз-морков, қызылша-свекла, баялды-баклажан.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>**«Тыңда, қайтала» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** қазақ тіліне тән Ә дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Күз сыйы**<br>**Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті**<br>үз-үз-күз– келді міне күз, -ніс-ніс-көкөніс,<br>- дә-дә-дәмді, біз-біз-сәбіз<br>**Сөздік қор**<br>Көкөніс-овощи, қияр- огурцы, қызанақ -свекла, асқабақ-тыква, пияз-лук, тәтті бұрыш, ащы бұрыш-горки перец, сарымсақ-чеснок, картоп, сәбіз-морков қызылша-свекла, баялды-баклажан.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>**«Тыңда, қайтала» дидактикалық ойыны. Мақсаты:** қазақ тіліне тән Ә дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Сергіту сәті** . Бүркіт Жақыпов. «Күзде». |

| | | |
|---|---|---|
| | дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** .<br>**Сергіту сәті** . Бүркіт Жақыпов. «Күзде».<br>Қияр пісті,қызанақ пісті, Асқабақ пісті,Қандай күшті!<br>Бірігіп, жинаймыз себетке бәрін.<br>тақпақ ішіндегі «пісті», «күшті», деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу. | Қияр пісті,қызанақ пісті, Асқабақ пісті,Қандай күшті!<br>Бірігіп, жинаймыз себетке бәрін.<br>тақпақ ішіндегі «пісті», «күшті», деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диологтар,тақпақтар,өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:**Көгөністер-жемістер: алма, банан, шие, өрік, алмұрт, қарбыз, қауын, алхоры, қияр, қызанақ, қызылша, картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат, қарақат, таңқурай, құлпынай.(Айзере,Асылым) | **«Көкөністер» жәрменкесі ойыны (**Дінмұхамед,Асылым,Адина) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы : «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 07.10 - 11.10.24ж.
**Қазақ тілі мұғалімі: Тулекова М.А.**
**Дәйек сөз: « Тәртіпсіз ел болмайды»**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Жаңылтпаш жаттау.**<br>Мен бақшаның<br>қарбызын жинадым,<br>Алмагүл алма жүзім жинады,<br>Жоламан таудың жалбызын жинады | **Интернет ресурстарымен жұмыс жасау** |
| **Ата-анамен жұмыс** | **Өнегелі 15 мин.** | **Ізет. (үлкенге сыпайы** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Жемістер туралы түсіндіру.**<br>**Мақсаты:** Балаларға жемістер туралы түсінік беру, ауызекі сөйлеуге ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:**<br>іс-іс –жеміс, - дә-дә-дәмді, -тә-тә-тәтті. Іс – іс – іс, піседі жеміс.<br>үз-үз-күз– келді міне күз,<br>**Сөздік қор** Жеміс-фрукт, алма – яблоко, алмұрт-груша, жүзім-виноград,анар-гранат, алхоры-слива, шие-вишня, жүзім-виноград, өрік-абрикос.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:** Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажырат» .<br>**Мақсаты:** Қазақ тіліне тән **Ә** дыбыстарынан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** «Күзде».<br>Қияр пісті,қызанақ пісті, Асқабақ пісті,Қандай күшті! Бірігіп, жинаймыз себетке бәрін.Тақпақ ішіндегі «пісті», «түсті», «күшті», «жейміз» деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу. | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Көкіністер Мақсаты:** Балаларға көкіністер туралы түсіндіріп, қысқа сөйлемдер арқылы сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:**<br>іс-іс –көкініс, кө-кө-көкініс, ас-ас-асқабақ, са-са-сарымсақ, уа-уа-жуа, қы-қы-қызанақ, із-із-сәбіз<br>**Сөздік қор** Жуа, қызанақ, қияр, асқабақ, сарымсақ, сәбіз.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:** Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажырат»<br>**Мақсаты: Мақсаты:** өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға дағдыландыру<br>**Байланыстырып сөйлеу. Мақсаты:**Әңгімелесе білуге баулу<br>Д\О **«Не жоқ?» ойыны**.<br>Шарты: Балалардың көру, есте сақтау қабілетін арттыру.<br>Тақтаға көкөністердің суреті ілінеді. Педагог балалардың көзін жұмғызып, көкөністің біреуін жасырады. Балалар көздерін ашып қай көкөніс жоғын айтады.<br>**Сергіту сәті** . Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі,<br>Кіп - кішкентай ағаштар, |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті** . Келді міне алтын күз, Сары шашты жарқын жүз.Мол өнімді ісімен Таңдандырып халқын күз. | Үп - үлкен боп өседі. |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум, дидактикалық ойындар, жекежұмыс, диологтар, тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:**Көгөністер-жемістер: алма, банан, шие, өрік, алмұрт, қарбыз, қауын, алхоры, қияр, қызанақ, қызылша, картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат, қарақат, таңқурай, құлпынай. | ***Д\о:*** «Мынау - алма» **Мақсаты:** үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге әңгіме құрастыруға үйрету. сурет бойынша жеміс – жидектермен танысып,. атын түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші) айта алады. |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 14.10 - 18.10.24ж.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: «Отанды сүю-отбасынан басталады»**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Сейсенбі | Бейенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Мақал-мәтел**<br>Отанды сүю — отбасынан басталады.<br>Әркімнің өз жері — жұмақ.<br>Отансыз адам – ормасыз бұлбұл. | **Тақпақтар**<br>Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы.<br>Еңбек ортақ, жер ортақ<br>, Ортақ бізге барлығы. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Республикам менің-Қазақстан!»**<br>**Мақсаты**: Отанымыз Қазақстан туралы таныса отырып, балалар сұрақтарға өз ой-пікірін айта білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** о-о- Отан , ре-ре-Республика, е-е-ел, қа-қа-Қазақстан, ел-ел-елорда<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор:** Отан , елорда, қала Қазақстан, республика, ел,рәміздер гимн, елтаңба, ту.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>«**Тыңда, қайтала»** дидактикалық сөздік ойыны. Қазақстан Республикасының суреттері бойынша әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** қарапайым сұраққа жай сөйлеммен жауап бере алуға үйрету.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі ө дыбыстарын дұрыс айта алуға дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«Республикам менің-Қазақстан!»<br>— Қазір жылдың қай мезгілі?<br>— Күз мезгілінде неше ай болады? | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қазақстан - рәміздері»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан рәміздерімен таныса отырып, балалар сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** о-о- Отан , ре-ре-Республика, е-е-ел, рә-рә-рәміз, ел-ел-елтаңба,<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор:** Отан , елорда , Қазақстан, республика, ел,қала, рәміздер ,гимн, елтаңба, ту.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: «Қазақстан қалалары»** дидактикалық сөздік ойыны. **Мақсаты:** Қазақстан қалалар аттарын атай білуге үйрету.<br>Қазақстан қалалары суреттері. Сурет бойынша әңгімелесу. қарапайым сұраққа жауап бере алуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«-Қазақстан рәміздері» сұрақтар.<br>—— Рәміздер не жатады?— Тудың түсі қандай?<br>— Туымызда ненің суреті бейнеленген?— Елтаңбамызда не бейнеленген?<br>— Елтаңбаның пішіні неге ұқсайды?<br>-Республикамыз қалай аталады?<br>**Сергіту сәті.**<br>Ерте тұрып күнде мен |

| | | |
|---|---|---|
| | — Күзде қандай өзгерістерді байқайсыңдар?<br>-Республикамыз қалай аталады?<br>**Сергіту сәті.**<br>Ерте тұрып күнде мен<br>Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын.<br>Қайырлы таң, анашым<br>Қайырлы таң, әкешім.<br>Бізді асыға күтетін<br>Бүгінгі күн ерекше. | Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын.<br>Қайырлы таң, анашым<br>Қайырлы таң, әкешім.<br>Бізді асыға күтетін<br>Бүгінгі күн ерекше. |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диологтар, тақпақтар,өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум**<br>Отан , елорда , Қазақстан, республика, ел, қала, рәміздер, гимн, елтаңба, ту.<br><br>**Сөздік қор:** кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп. | **«Қазақстан қалалары»** дидактикалық сөздік ойыны. **Мақсаты:** Қазақстан қалалар аттарын атай білуге үйрету. |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 21.10 - 25.10.24ж.
**Қазақ тілі мұғалімі:Тулекова М.А.**
**Дәйек сөз: «Отанды сүю-отбасынан басталады»**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Сейсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Мақал-мәтел**<br>Отанды сүю — отбасынан басталады.<br>Әркімнің өз жері — жұмақ.<br>Отансыз адам – ормасыз бұлбұл. | **Тақпақтар**<br>Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы.<br>Еңбек ортақ, жер ортақ,\<br>Ортақ бізге барлығы. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Отаным менің-Қазақстан!»**<br>**Мақсаты**: Отанымыз Қазақстан туралы таныса отырып, балалар сұрақтарға өз ой-пікірін айта білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:** о-о- Отан , ре-ре-Республика, е-е-ел, қа-қа-Қазақстан, ел-ел-елорда<br>**Сөздік қор:** Отан , елорда, қала Қазақстан, республика, ел, рәміздер гимн, елтаңба, ту.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>«**Тыңда, қайтала»** дидактикалық сөздік ойыны. Қазақстан суреттері бойынша әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** қарапайым сұраққа жай сөйлеммен жауап бере алуға үйрету.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі ө дыбыстарын дұрыс айта алуға дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«Отаным менің-Қазақстан!»<br>— Қазір жылдың қай мезгілі?<br>— Күз мезгілінде неше ай болады?<br>— Күзде қандай өзгерістерді байқайсыңдар?<br>-Республикамыз қалай аталады?<br>**Сергіту сәті.** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Қазақстан – қалалары»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан қалаларымен таныса отырып, балалар сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:** о-о- Отан , ре-ре-Республика, е-е-ел, рә-рә-рәміз, ел-ел-елтаңба,<br>**Сөздік қор:** Отан , елорда Қазақстан, республика, ел,қала, рәміздер ,гимн, елтаңба, ту.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: «Қазақстан қалалары»** дидактикалық сөздік ойыны. **Мақсаты:** Қазақстан қалалар аттарын атай білуге үйрету.<br>Қазақстан қалалары суреттері. Сурет бойынша әңгімелесу. қарапайым сұраққа жауап бере алуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«-Қазақстан қалалары»<br>—Қазақстанның қандай қалаларын білесіздер—<br>—қалалар қандай?<br>-Біздің қаламыз қалай аталады?<br>-Өз қалаңыз туралы не білесіз?<br>**Сергіту сәті.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым, |

| | | |
|---|---|---|
| | Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге! | Жарқыраған күнге! |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диологтар, тақпақтар,өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум**<br>Отан , елорда , Қазақстан, республика, ел, қала, рәміздер, гимн, елтаңба, ту. | **«Қазақстан қалалары»** дидактикалық сөздік ойыны.<br>**Мақсаты:** Қазақстан қалалар аттарын атай білуге үйрету<br><br>**Күй күмбірі: «Сарыарқа»** |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 28.10 - 01.11.24ж.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: «Отанды сүю-отбасынан басталады»**

| Күн тәртібінің кезеңдері | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Жаңылтпаш**<br>Көк тырна, көк тырна,<br>Тыраулап тек көп тұрма. | **Мақал-мәтел**<br>Отанды сүю — отбасынан басталады.<br>Отансыз адам – ормасыз бұлбұл. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Құстар»**<br>**Мақсаты**: **«Жыл құстары»** тақырыбында шағын әңгіме құрастыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ұ-ұ –құс, ұ-ұ – ұя, л-л-жыл, жы-жы-жылы<br>**Сөздік қор: :** құс, жыл құстары, құстар, аққу, қаз, қарлығаш,көгершін, торғай, қарға,құс т.б.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: . «Бейтаныс әріп» ойыны.**<br>Хормен бірге қайталайды, әткеншек,әдемі, әтеш – қандай дыбыс сендерге таныс ?«**Ә**» - дыбысын хормен қайталап, айтады. «айтылуын айтып түсіндіру және<br>ойын жаттығуларында дұрыс айта алуға үйрету..<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Құстардың суретттеріне қарап, атауларын қайталау.<br>Сөйлем құрау: мынау – аққу. Аққу – ақ, үлкен.<br>- Құстардың суретттеріне қарап,«- Мынау – қаз. Қаз – сұр түсті.- Мынау – аққу. Аққу – ақ түсті.<br>- Мынау – қарлығаш. Қарлығаш – қара ала, құйрығы | **Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Құстар біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:Құстар** туралы балалар өз ой-пікірлерін айта білуге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ұ-ұ –құс, ұ-ұ – ұя, о-о-дос л-л-жыл,<br>**Сөздік қор: :** құс, жыл құстары, құстар, аққу, қаз, қарлығаш,көгершін, торғай, қарға,құс т.б.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: . «Тыңда, қайтала» ойыны.**<br>Құстар атын хормен бірге қайталайды.<br>Ойынжаттығуларында дұрыс айта алуға үйрету..<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Құстардың суреттері-<br>не қарап, атауларын қайталау.<br>Сөйлем құрап сөйлеуге дағдыландыру<br>**Сергіту сәті.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге! |

| | | |
|---|---|---|
| | айыр», - деп жеке - жеке айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диалогтар, тақпақтар,өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:**құстар, жыл құстары, аққу, қаз, торғай, қарға қарлығаш,көгершін, т. | Үнтаспадан құстардың даусын тыңдатып, қандай құстар екенін тани білуге үйрету .<br><br>**Күй күмбірі: «Құсқайтару»** |

Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы

**Білім беру ұйымы: : «LauRus» ба лабақша- гимназиясы**
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.11 - 08.11**.24ж.**
**Қазақ тілі мұғалімі: Тулекова М.А.**
**Дәйек сөз: «Әділ заң – аспан тірегі»**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Сейсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Мақал-мәтел**<br>Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Бірінші байлық – денсаулық,<br>Екінші байлық - ақ жаулық,<br>Үшінші байлық – он саулық | **Тақпақтар**<br>Қолға қалам алайын,<br>Қанша сан бар жазайық.<br>Қарап тұрмай сандарды,<br>Қайта-қайта санайық. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Сандар»**<br>**Мақсаты:**Зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдана білуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән **Ө, Ә** дыбыстарын анық айтуға дағдылану: ан-ан-сан, ра-ра-тура, тө-тө-төрт, ал-ал-амал, су-су-қосу, лу-лу-алу, бө-бө-бөлу, кө-кө-көбейту, ке-ке-кәрзеңке, әл-әл-сандар әлемі<br>**Сөздік қор:** сан, сандар, тура санау, кері санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал, сандар әлемі<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: «Қай сан жоқ?» дидактикалық ойын.**<br>**Мақсаты:** Зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдана білуге баулу. Келесі жолдағы кедергі - жоғалған сандар қатары. Тақтада белгілі бір саны жоғалған қатар беріледі. Сол қатардағы санды тауып, сол санның көршілері аталуы керек. Мысалы: «Қай сан жоқ?» деген сұраққа «2 жоқ» деп жауап береді. «2 санының көршісі қандай сандар?» деген сұраққа «2 санының көршілері 1 мен 3 | **Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Санаймыз жаңылмай, санаймыз қалдырмай»**<br>**Мақсаты:** Сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолданып санай білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән **Ө, Ә** дыбыстарын анық айтуға дағдылану: ан-ан-сан, ра-ра-тура, тө-тө-төрт, ал-ал-амал, су-су-қосу, лу-лу-алу, бө-бө-бөлу, кө-кө-көбейту, кәр-кәр-кәрзеңке, әл-әл-сандар әлемі<br>**Сөздік қор:** сан, сандар, тура санау, кері санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>**«Пішіндерде не пайда болды?» дидактикалық ойын.**<br>**Мақсаты:**бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>- Сәлеметсіздер ме!<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Қазір қандай ай?<br>-Дұрыс Қараша айы күз мезгілінің соңғы айы.<br>**«Ғажайып сәт».** |

| | | |
|---|---|---|
| | сандары» деп жауап берулері керек.<br>Қане балалар 1ден-5ке дейін тура, содан соң кері санайық.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**«Қызықты пиктограмма».**<br>Бұл – белгісіз таңбалар мен сандар. Бұларды тиісті орнына қойып оқығанда сөйлем шығады. Мысалы: Менде бір алма бар.Содан соң балалар берілген ойыншықтар мен сандар арқылы өздері сөйлем құрастырып, айтулары керек (бұл тапсырма түрі текшелер арқылы да орындалады).<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Санау әні»**<br>Екі аяқпен жүремін.<br>Екі көзбен көремін.<br>Екі қолым бар менің.<br>Екеу құлақ білемін. | -Балалар, бүгін біздер «Сандар әлеміне» саяхатқа барамыз (осы кезде «Маша мен аю» мультфильмінің кейіпкері Машаның дауысы шығады).<br>- Сәлем, Маша!<br>- Сәлем, балалар! Мен аю досыма келе жатыр едім. Сендердің «Сандар әлеміне» баратындарыңды естідім. Мені де ала кетіңдерші. Келесі жылы мен мектепке бармақпын. Сондықтан қазақша санауды үйренгім келеді.<br>- Жарайды, Маша, ендеше балалармен бірге сен де қазақша санауды үйренетін боласың. Балалар, алдымен, сандарды есімізге түсірейік.<br>Сөздік: сан-цифра,бір-один, екі –два, үш-три, төрт-четыре,бес-пять, санау - считать.<br>Тақтамен жұмыс. Сандардың суретттеріне қарап, атауларын тағы бір қайталаймыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қолға қалам алайын, Қанша сан бар жазайық.<br>Қарап тұрмай сандарды, Қайта-қайта санайық. |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум, дидактикалық ойындар, жеке жұмыс, ,диологтар, тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум**<br>сан, сандар, тура санау, кері санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал, сандар әлемі | **«Алма бағында»**<br>**Дидакт. ойын** Алма ағашындағы алмаларды кәрзеңкелерге жинап амалдарды орындау. 2+2=4, 5-3=2. |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» ба лабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 11.11. - 15.11.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз:** «Ежелден ел тілегі-ер тілегі
Адал ұл ер боп туса-ел тірегі!» (Б.Момышұлы)

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жұмбак** Бұл не?»<br>1) Ертемен күнде сен, қолыңды сүйкейсің.<br>Кетіп кір - ласың, тап - таза боласың. Бұл не? (Сабын)<br>2) Шомылған баланы аймалап алады<br>Сүртеді қолыңды, сүртеді жоныңды. Бұл не? (Сүлгі, орамал) | Жарқырап күн де ашылады,<br>Айналаға нұр шашылады. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Тазалық — денсаулық кепілі».**<br>**Мақсаты:** Балаларды жеке басы тазалығын сақтауға үйрету, жаңа сөздерді меңгерту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті** та-та–таза, са-са–сабын, су-су-су сабын, ті-ті- тіс ысқыш, қыш-қыш-ысқыш, көр-көр-көркем, əн-əн-сəн<br>**Сөздік қор** таза, тазалық, сабын, су сабын, ысқыш, тіс ысқыш, тіс пастасы, сүлгі, тарақ, айна.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: Суретпен жұмыс**.Балаларды «**Тазалық достары»** Сурет бойынша *тазалық, жуыну,таза,лас* сөздермен таныстыру және меңгерту.<br>Көркем сөз: Анау бала, бетін қара.Жуынбапты – ау масқара. Тырнағы өскен, шашы көптен. Алынбапты – ау масқара<br>- Балалар, тазалық, әрқайсымыздың жеке басымыздың | **Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Дені саудың-жаны сау»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жеке басы тазалығын сақтауға үйрету, ережелерді меңгерту<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті** та-та–таза, са-са–сабын, су-су-су сабын, ті-ті- тіс ысқыш, қыш-қыш-ысқыш, көр-көр-көркем, əн-əн-сəн<br>**Сөздік қор** Тазалық- чистота, достары- друзья,сабын-мыло, су сабын-шампунь, ысқыш-мочалка, тіс ысқыш-зубная щетка, тіс пастасы-зубная паста, сүлгі – полотенце, тарақ- расческа, айна - зеркало.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>**«Тазалық үшін не қажет?» дидактикалық ойыны.Мақсаты:** артикуляциялық және дауыс аппаратын анық, қалыпты қарқынмен сөйлеуге дамыту. Допты балаларға кезекпен лақтырып, «тазалық үшін не қажет» екенін айтып беру сұралады.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**«Тазалық»** тақырыбында шағын әңгіме құрастыру.<br>**Мақсаты:** үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | тазалығы Біз өзіміздің денсаулығымызды ойлап, аурудан алдын ала қорғануымыз қажет.Дене мүшелерін таза ұстау керек. **Байланыстырып сөйлеу.** А. Меңжановтың **«Тазалықтың досы»** өлеңін оқу.<br>Сылдырлайды сылдыр су<br>Мөлдір суға қолыңды жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың<br>Тазалықтың досы<br>Су дегенің осы.<br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, тақпақ ішіндегі «сылдырлайды», «қолыңды жуу», «жуынсаң» - деген сөздермен сөздік жұмыс-тарын жүргізу.<br>**Сергіту сәті** .<br>Кел, достарым келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер. | Беті-қолдысабынмен жуып, тісті тіс щёткасымен тазалап отыру керек. Шашты су сабынмен жиі жуып, құлақтың ішін сабынды сумен жуып тұру керек.<br>**Сергіту сәті** .<br>Орнымыздан тұрайық, Белімізді жазайық. Жоғары, төмен қарайық, Солға,солға түзу тұр, Оңға, оңға түзу тұр. Алға қарай бір адым, артқа қарай бір адым.<br>Бойымызға күш жинап, бір демалайық! |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидак-тикалық ойындар,жеке жұмыс, диолог-тар,тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:**Тазалық- чистота, достары- друзья сабын-мыло, су сабын-шампунь, ысқыш-мочалка, тіс ысқыш-зубная щетка, тіс пастасы- зубная паста, сүлгі – полотенце, тарақ- расческа, айна - зеркало. | **«Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»**<br>**Мақсаты:** Балаларға қазақ халқының ұлттық бас киімімен таныстыру, ұқыптылыққа үйрету.<br><br>**Күй күмбірі: «Әлқисса** |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы : «LauRus» ба лабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18.11 - 21.11.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз:** «Ежелден ел тілегі-ер тілегі
Адал ұл ер боп туса-ел тірегі!» (Б.Момышұлы)

| Күн тәртібінің кезеңдері | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жұмбақ**<br>Сары қозы, көк қозы,<br>Қарындары тоқ қозы,<br>Күздігүні көп қозы,<br>Қыстыгүні жоқ қозы. (қауын-қарбыз) | **Мақал мәтел**<br>Отан –қуат,<br>Отбасы –шуақ. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Түстер» Мақсаты:**Сюжетті суреттерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:** Қазақ тіліне тән **Ө, Ә** дыбыстарын анық айтуға дағдылану: кө-кө-көл, өз-өз-көз, ры-ры- сары , үс-үс-түс, қы-қы-қызыл, тоқ-тоқ-тоқсары, қо-қо-қоңыр, біз-біз-сәбіз<br>**Сөздік қор:** түс, түстер, сары, қызыл, тоқсары, жа-сыл,қоңыр, ақ, қара.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: «Сұрақ-жауап» дидакт.ойыны. Мақсаты:** сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдануға баулу.<br>- Мынау не?<br>- Қиярдың түсі қандай?<br>- қияр қайда өседі?<br>Тақтамен жұмыс. Көкөністердің суреттеріне қарап, | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**Күзгі жапырақтар» Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:** үс-үс –түс, ры –ры -сары, қы-қы-қызыл, тоқ-тоқ-тоқсары, жа-жа-жасыл<br>**Сөздік қор:** түс, түстер, сары, қызыл, тоқсары, жа-сыл,қоңыр, ақ, қара.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>**«Қоржын» дидакт.ойыны. Мақсаты:** Сөздегі ә,ө дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады. Жаңа түстерді дұрыс айтуға дағдыланады.<br>Қоржыннан көкөністер мен жемістердің муляжын бір –бірлеп алып, атауын, түсін атап айтады.Жемістер мен көкөністерді бөлек себеттерге салады. Хормен бірге қайталайды, ік-ік - өрік. Біз-біз—бізде көп сәбіз.<br>**«Ә», «Ө»** - дыбыстарын хормен қайталап, айту.<br>**Байланыстырып сөйлеу. Суретпен жұмыс.**Күзгі жапырақтардың суреттері. Түстерін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қызыл,сары,жасыл,көк<br>Түстерді біз білеміз, |

| | | |
|---|---|---|
| | атауларын, түсін тағы бір қайталау.Сөйлем құрау: мынау – сәбіз. Сәбіз – тоқсары түсті, ол көкөніс.Қызанақ –қызыл түсті, қияр – жасыл түсті.<br>- Жемістердің суреттеріне қарап,«- Мынау – алма. алма – қызыл түсті.Ол жеміс.<br>- Мынау-құлпынай.<br>Құлпынай – қызыл түсті.Ол жидек.Мынау бүлдірген.Ол жидек, күлгін түсті деп жеке - жеке айтады.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** - Балалар күз мезгілінде не жинаймыз?<br><br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Жапырақтар сарғаяды, күн суытады, жел болады, жаңбыр жауады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі. | Сары күн, көк аспан,<br>Қызыл гүл, жасыл шөп.<br>Ауада суретін саламыз,<br>Ойнаймыз,демаламыз.<br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттау. |
| **Балалармен күнделіктіжұмыс (сөздік минимум, дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диологтар, тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:** түс-цвет, қызыл – красный, сары-желтый, тоқ сары- оранжевый, жасыл-зеленый, күлгін – фиолетовый, ақ – белый. | **«Күзгі жапырақтар»**<br>**Күз бейнесі суретін салу**<br><br>**Күй күмбірі: «Сарыарқа»** |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 25.11. - 29.11.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз:** «Ежелден ел тілегі-ер тілегі
Адал ұл ер боп туса-ел тірегі!» (Б.Момышұлы)

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Жұмбақ**<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз мезгілі) | **Мақал-мәтелдер**<br>Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Табиғат әлемі»**<br>**Мақсаты:** Балалардың қоршаған табиғат әлеміне өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті Ө, Қ** дыбыстарын анық айтуға үйрету. Ат-ат-ат- мынау табиғат, Аш-аш-аш-мынау агаш, Ас-ас-ас мынау тас, У-у-у –сылдырлайды су, ян-ян-қоян, кен-кен-үлкендер-мен жүру, ке-ке-өлке, қа-қа-қараша<br>**Сөздік қор**<br>табиғат,тас, су,әлем, қоян, ғажайып, саяхат, туған өлке, өзен, көл, су, орман<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: .« Туған өлкенің табиғаты» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты:** Балаларды хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу. **Сұрақ-жауап:**Орман,саяхат,өзен,көл т.б. тақырыптарда. | **Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Туған өлкенің табиғаты»**<br>**Мақсаты:** Балалардың өзінің қоршаған табиғат әлемін тани білуге үйрете отырып, ой-пікірін айта білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті** Ат-ат-ат- мынау табиғат, Аш-аш-аш-мынау агаш, Ас-ас-ас мынау тас, У-у-у –сылдырлайды су, ян-ян-қоян, ке-ке-өлке, **Сөздік қор**<br>табиғат,тас, су,әлем, қоян, ғажайып, саяхат, туған өлке, өзен, көл, су, орман<br>**Тілдің граматикалық құрлымы: .« Туған өлкенің табиғаты» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты:** Балаларды хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлем-дермен жауап беруге баулу. **Сұрақ-жауап:**Орманда,тау-да,жалпы табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?<br>***Жауап:***<br>1.Жеміс-жидекті жумай жеуге болмайды?<br>2.Отпен ойнауға болмайды?<br>3.Жыланнын,кененің шағыуынан сақ болу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Орманда,тауда,жалпы табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**«Ғажайып сәт».**<br>-Балалар, бүгін біздер «**Табиғат әлеміне» саяхатқа** барамыз. Табиғат суретттеріне қарап, табиғаттың тамаша көріністерін әңгімелеп, сұрақтар қойылады<br>**Сергіту сәті.**<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз<br>Иіліп сәлем береміз<br>Біз әдепті баламыз. | 4.Үлкендермен бірге жүру,жалғыз жүрмеу керек.<br>5.Саңырауқұлақ,жеміс-жидекті жемеу.<br>8. Серуенде жүргенде үлкендерден алыс кетпеу.<br>**Байланыстырып сөйлеу. «Кім көп біледі?»** ( Доп арқылы)<br>**Мақсаты** Табиғатқа,қоршаған ортаға байланысты сөйлемдер құрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Алтын, сары, қызыл, көк..<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап<br>О, алақай тамаша<br>Шашу шашты жапырақ<br>Бақтың іші алаша,<br>Аунар ма едім жатып ап. |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диологтар, тақпақтар,өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум** табиғат,тас, су,әлем, қоян, ғажайып, саяхат, туған өлке, өзен, көл, су, орм | Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Иіліп сәлем береміз,<br>Біз әдепті балаынм<br>**Күй күмбірі: «Көңілтолқыны»** |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «**LauRus**» **балабақша- гимназиясы**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 02.12 - 06.12.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
***Дәйек сөз:* «Бірлігі күшті ел озады» .**

| Күн тәртібінің кезеңдері | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Тақпақ**<br>Аппақ, аппақ – бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бор аппақ.<br>Ақ бұлт,қырау, мақта аппақ,<br>Ақ сүт, айран қант та аппақ. | Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Алақай қыс келді»**<br>**Мақсаты:** Сөзді мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу .<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: : Мақсаты:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау. **Қ, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету. ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-ар жауды қар, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, ғы-ғы-ғы-шаңғы, үн-үн-күн, ыс-ыс-ыс келді қыс<br>**Сөздік қор:** қыс,қар, аққала, шана,шаңғы күн, қыс қызығ<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>**Қыс қызығы суреттер**і. **Мақсаты:** Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау.<br>Суретке қарап сұраққа жауап береді. Мысалы:<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Қар жауады | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары Қысқы ойындар»**<br>**Мақсаты:** Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.<br>**Сөйлеудіңдыбыстық мәдениеті:** сөздегі дыбыстар орнын анықтау. **Қ, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету. ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-ар жауды қар, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, ғы-ғы-ғы-шаңғы, үн-үн-күн, ыс-ыс-ыс келді қыс<br>**Сөздік қор:** қыс,қар, аққала, шана, мұз шаңғы, күн, қыс қызығы, коньки,мұз айдыны. Күн суық. Қар жауды. Балалар шана, шаңғы, коньки теуіп жүр. Аққала жасады. Қыс қызығы тамаша!<br>**Тілдің грамматика-лық құрылымы: . «Қысқы ойындар» Әңгімелесу, сұрақ-жауап. Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлем-дерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу: «Сұрақ- жауап» дидактика-лық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді қолдана отырып, сөйлеуге баулу.<br>Шанамен зырғып желетін,Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын, |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қыста ҚР-ның тәуелсіздігі және Жаңа жыл мерекелері болады.<br>-Желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>- Балалар қыс мезгілінде қалай ойнаймыз?<br>**Байланыстырып сөйлеу: «Қысқы ойындар»** тақырыбында шағын әңгіме құрастыру. **Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуге үйрету.<br>**Күй күмбірі: Көңіл толқыны**<br>**Сергіту сәті:**<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | Қай мезгіл деп ойлайсың!<br>-Қыста не жауады.<br>-Қар қандай?<br>-Балалар не теуіп жүр?<br>**«Аққала» ойыны**. Шарты: тақтаның бетіне қиылып жабыстырылған,ақ-қаланыңжетіспейтін бөлігін тауып, жабыстыру.<br>**Күй күмбірі: Адай**<br>**Сергіту сәті:** |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диологтар** | **Сөздік минимум:** қыс,қар, аққала, шана, мұз шаңғы, күн, қыс қызығы, коньки,мұз айдыны. | Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз. |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 09.12. – 13. 12. 2024.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: « Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас»**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Сейсенбі | Бейенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Тақпақ**<br>Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы.<br>Еңбек ортақ,жер ортақ,<br>Ортақ бізге барлығы. | **Мақал**<br>Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар. **Өнегелі 15 мин.** Ата-аналарға «Туыспыз біз бәріміз». |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Менің Қазақстаным»**<br>**Мақсаты:** берілген сұрақтарға толық жауап беруге, ой-пікірін айтуға дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ө, Қ** дыбыста-рын жеке және сөз ішінде анық айтуға үйрету.<br>**Сөздік қор:** Отан,тәуелсіз, егеменді, көпұлтты,қала, Қазақстан, Астана, ұлт, мемлекет, рәміздер,ел.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>**«Менің Қазақстаным» Мақсаты:**сөзтіркестерімен таныстыру және меңгерту.<br>Балалар картағамұғаліммен бірге саяхатқа шығады.<br>Суреттерді тамашалайды<br>-Балалар ҚР картасымен саяхат жасайық.<br>- Қазақстан –егеменді ел.<br>-Қазақстан –тәуелсіз мемлекет. | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары « «Қазақстан рәміздері»**<br>**Мақсаты:** сөйлем құрап сөйлеуге үйрету.<br>Кел, достарым келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Амандасып, ҚР әнұранның айтқызып, сұрақтар қою.<br>-Балалар, біз қандай елде тұрамыз?<br>-Қай қалада тұрамыз?<br>-Отан деген не?<br>ҚР туралы мәлімет беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ө, Қ** дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуға үйрету.<br>**Сөздік қор:** Отан,тәуелсіз, егеменді, көпұлтты,қала,<br>Қазақстан, Астана, ұлт, мемлекет, рәміздер,ел.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>**Мақсаты:** Ой-пікірін айтуға дағдыландыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қазақстан- көп ұлтты мемлекет<br>-Астана-бас қала.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Дидактикалық ойын "Кім көп біледі"**<br>Сұрақ-жауап:<br>-Қазақстан Республика-<br>сының әнұраны автор- лары: Ж.Нәжімеденов, Ш.Қалдаяқов,Н.Ә.Назарбаев.ҚР туының түсі ашық көк, Тудың авторы: Шәкен Ниязбеков.Мемлекеттік елтаңба авторлары: Ж.Мәлібеков, Ш.Уалиханов.<br>**Күй күмбірі: «Адай»**<br>**Сергіту сәті** | **«Менің Қазақстаным»** тақырыбында шағын әңгіме құрастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Дидактикалық ойын.** Сөйлем құрау.<br>**«Қазақстан –тәуелсіз, егеменді ел».**<br>Бас қаламыз Астана. Қазақстан- көп ұлтты мемлекет, тәуелсіз, егеменді, көп ұлтты, Қазақстан, ел, Отан, бас қала, Астана, ұлт, мемлекет, рәміздер<br>**Сергіту сәті .**<br>Топ-топ, балақан,<br>Шапалақта алақан.<br>Топ-топ, балақан,<br>Шапалақта алақан.<br>**Күй күмбірі: «Балбырауын»** |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диалогтар тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:** тәуелсіз, егеменді, көпұлтты, Қазақстан, ел, Отан, бас қала, Астана, ұлт, мемлекет, рәміздер,республика | Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы.<br>Еңбек ортақ, жер ортақ,<br>Ортақ бізге барлығы.<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүремз.<br>(Е.Елубаев) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «**LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 16.12 - 20.12.24.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: «Бірлік болмай, тірлік болмас».**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Тақпақ**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады-қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады. | Қар жатыр аппақ ,<br>Ойнауғажақсы-ақ.<br>Осындай шақта,<br>Кім үйде жатпақ. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қызықты қыс мезгілі»**<br>**Мақсаты:**Хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдермен жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** он-он-он- тон, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-қыс, ұз-ұз-ұз-мұз, рау-рау-қырау, ақ-ақ-аққала, өр-өр-аяз өрнектері, ар-ар-қар<br>**Сөздік қор:** қыс мезгілі, аққала, қар, шырша, қысқы ойындар, шаңғы, шана, мұз, аяз, қырау, аяз өрнектері<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Хабарлы**,** лепті, сұраулы сөйлем-<br>дермен жауап беруге үйрету. Жасыл ине киеді.<br>Жаңа жылда үйдің төрінде. Ол не?<br>Бұл – шырша, шырша,<br>Қуаныш жалпыға.<br>Сүйікті шырша,<br>Жарқыра, Жарқыра!<br>**Байланыстырып сөйлеу: « Дұрыс қайтала,** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қысқы киімдер»**<br>**Мақсаты:** Суреттер бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ө, Қ** дыбыстарын анық айтуға үйрету. он-он-он- тон, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-қыс, ұз-ұз-ұз-мұз, рау-рау-қырау, ақ-ақ-аққала, өр-өр-аяз өрнектері, ар-ар-қар, ки-ки-киім, бай-бай-байпақ, бө-бө-бөрік<br>**Сөздік қор:** қыс мезгілі, аққала, қар, шырша, қысқы ойындар, шаңғы, шана, мұз, аяз, қырау, аяз өрнектері, қысқы киім, тон, байпақ, бөрік<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: Дидактикалық ойын "Сиқырлы текше"**<br>. -Бүгін бізге қонаққа Аққала келді. Ол бізге «Шытырман» тапсырма-ларын шешуге көмекте-<br>седі..Балалар тапсырманы шешіп Аққаламен бірге ойнаймыз ба?<br>Аққала:<br>Тапқыр, тапқыр, тапқырлық,<br>Тамаша ғой батылдық. Алға басып келеміз,<br>Шытырманды шешеміз.<br>–Шытырманда әр бұрылыста дұрыс жаққа бұрылсақ, қоңырау |

| | | |
|---|---|---|
| | **көрсет»** - дидак/ойын.Үлестірмелі «қызықты қыс мезгілі» суреттермен жұмыс жүргізіледі. Сөздерді қайталап, қолдарындағы суреттерді көрсетеді.<br>**Күй күмбірі: «Адай»**<br>**Сергіту сәті** | сылдырлайды.Шытырман бойынша қысқы киімдермен таныстыру. Тон, қолғап, байпақ т.б.<br>Аққаламен бірге тапсырмаларды шешеді.<br>Жаңа сөздермен<br>танысады. Дыбыстық жаттығуларды орындайды.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>**Тіл дамыту.** Сұрақ – жауап арқылы қысқы ойындарды әңгімелеу.<br>**Күй күмбірі: «Әлқисса»**<br>**Сергіту сәті** |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диологтар тақпақтар, өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:** қыс мезгілі, аққала, қар, шырша, қысқы ойындар, шаңғы, шана, мұз, аяз, қырау, аяз өрнектері, қысқы киім, тон, байпақ, бөрік**)** | Зулап түсті төменге,<br>Шықпас менсіз төбеге. Ол не? –Шана |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 23.12 - 27.12.24ж.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
**Дәйек сөз: «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Мақал-мәтел**<br>Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.<br>**Өнегелі 15 мин. «Жаңа жыл- жаңа жыр»** | **Тақпақтар**<br>Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>Жаңа жылда жаңа жыр! Жасыл шырша жанында,Билеп барлық бала жүр. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қош келдің,Жаңа жыл!»**<br>**Мақсаты**: балалар сұрақтарға өз ой-пікірін айтып, әңгімелей білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:** ыс-ыс-қыс, ақ-ақ-аппақ қар, үн-үн –күн, қа-қа-қар, ыл-ыл-жыл, ша-ша-шырша, та-та-аяз ата,<br>**Сөздік қор:** жаңа жыл, аққала, ақшақар,сыйлықтар, аяз ата, қар, шырша, қысқы орман<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>**Мақсаты:**Әңгімелей білуге баулу. **«Жаңа жыл»** тақырыбында<br>шағын әңгіме құрастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Жаңа жыл өлеңі жазылған** үнтаспа қойылады.<br>-Балалар, бұл қандай өлең?<br>Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әреке | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қысқы қызығы»**<br>**Мақсаты**:<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті:** ыс-ыс-қыс, ақ-ақ-аппақ қар, үн-үн –күн, қа-қа-қар, ыл-ыл-жыл, ша-ша-шырша, на-нақ-сырғанақ<br>**Сөздік қор:** жаңа жыл, аққала, қар, ақшақар,сыйлықтар, аяз ата, шырша, қысқы орман, шаңғы, хоккей, сырғанау, мұз айдыны.<br>**Тілдің граматикалық құрлымы:**<br>**Мақсаты:** зейін аударып, көрнекі-бейнелі есте сақтауға дағдыландыру.<br>Қысқы орманның және қысқы ойындар мен ойын құралдары суреттері бойынша әңгімелесу.<br>**Байланыстырып сөйлеу. «Тыңда, қайтала»** дидактикалық сөздік ойыны **«Қысқы ойындарды білеміз бе?»**<br>**Мақсаты:** қарапайым сұраққа жай сөйлем-мен жауап бере алуға үйрету.<br>**Сергіту сәті.** |

| | | |
|---|---|---|
| | тіміздің тақырыбы:<br>**«Қош келдің,Жаңа жыл»**<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде ауа–райы қандай болады? Қыс мезгілі ерекшеліктері қандай? Қыста қандай мерекелер болады?<br>**Сергіту сәті.**<br>**Күй күмбірі: «Балбырауын»** | Оңға, оңға түзу тұр.<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Жоғары - төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Күй күмбірі: «Балбырауын»** |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойын-дар,жекежұмысдиологтар, тақпақтар,өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:** жаңа жыл, аққала, ақшақар,сыйлықтар, аяз ата, қар, шырша, қысқы орман,<br>шаңғы, хоккей, сырғанау, мұз айдын | Жаңа жылды қарсы алып,<br>Барлық бала ән салып.<br>Ақшақар жүр би билеп,<br>Қол соғады баршажұрт<br>.Шыршамыз да керемет,<br>Ойыншықтар тағылған.<br>Алыс жақтан келіп тұр,<br>Аяз ата сағынған. |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 30.12.24 - 06.01.25.**
**Қазақ тілі мұғалімі: Тулекова М.А.**
**Дәйек сөз: «Талап бар жерде тәртіп бар»**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Сейсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Тақпақ** Кіріп келді қыс айы,<br>Көп күттік бұл айды.<br>Қыста жауар аппақ қар,<br>Ұшар шанада балалар.<br>Аспан аппақ жер тайғақ,<br>Жауар тағы қар аппақ.<br>(Е.Өтетілеуұлы) | Қыста қармен ойнаймыз<br>Қызыққа біз тоймаймыз.<br>Таудан төмен сырғанап,<br>Шаңғы,шана тебеміз |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қыс қызығы»**<br>**Мақсаты:** Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу .<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Мақсаты:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау. ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-ар жауды қар, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, ғы-ғы-ғы-шаңғы, үн-үн-күн, ыс-ыс-ыс келді қыс<br>**Сөздік қор:** қыс,қар, аққала, шана,шаңғы күн, қыс қызығы<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>**Қыс қызығы суреттер**і. **Мақсаты:** Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау.<br>Суретке қарап сұраққа жауап береді. Мысалы:<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Желтоқсан, қаңтар, ақпан. | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қысқы ойындар»**<br>**Мақсаты:** Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қ, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-ар жауды қар, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, ғы-ғы-ғы-шаңғы, үн-үн-күн, ыс-ыс-ыс келді қыс<br>**Сөздік қор:** қыс,қар, аққала, шана, мұз шаңғы, күн, қыс қызығы, коньки,мұз айдыны. Күн суық. Қар жауды. Балалар шана, шаңғы, коньки теуіп жүр. Аққала жасады. Қыс қызығы тамаша!<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>**«Қысқы ойындар»**<br>Аяз қысып, өрнек сызып,<br>Терезеңді торлайды.<br>Қарға омбығып, бет домбығып,<br>Сырғанап жастар ойнайды.<br>Бөбектерім айтындаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Ауа райы қандай? |

| | | |
|---|---|---|
| | - Балалар қыс мезгілінде қалай ойнаймыз?<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>**«Қысқыойындар»**тақырыбында шағын әңгіме құрастыру. **Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді<br>ажыратып, сөйлегенде қолдана білуге үйрету.<br>**Күй күмбірі: Көңіл толқыны**<br>**Сергіту сәті:**<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | **Әңгімелесу, сұрақ-жауап. Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Сұрақ- жауап дид.ойыны.**<br>**Мақсаты:** Хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді қолдана отырып, сөйлеуге баулу.<br>Шанамен зырғып желетін Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың!<br>-Қыста не жауады.<br>-Қар қандай?<br>-Балалар не теуіп жүр?<br>**«Аққала» ойыны**. Шарты: тақтаның бетіне қиылып жабыстырылған, аққаланың<br>жетіспейтін бөлігін тауып, жабыстыру.<br>**Күй күмбірі: Адай**<br>**Сергіту сәті:**<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диологтар** | **Сөздік минимум:** қыс,қар, аққала, шана, мұз шаңғы, күн, қыс қызығы, коньки,мұз айдыны.<br>(Али,Мардан,Алмас) | Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз (Айым,Алиби,Ақназарға тақпақ жаттату) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «LauRus» балабақша- гимназиясы**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 06.01. - 10.01.25.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.
***Дәйек сөз:»*** Тәртіп - тәрбие бастауы «

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Тақпақ**<br>Аяз қысып, өрнек сызып,<br>Терезеңді торлайды.<br>Қарға омбығып, бет домбығып,<br>Сырғанап жастар ойнайды. | Түлкі деген қу ғой,<br>Жүрген жері шу ғой.<br>Жатып алып жағада,<br>Іздегені ду ғой.<br>**Өнегелі 15 мин.** Ата-аналарға «Бала тәрбиесі – ортақ іс» |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Аңдардың қысқы тіршілігі»**<br>**Мақсаты:** Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Мақсаты: Қ, Ү** дыбыстарын анық айтуға баулу**.**<br>Қа-қа-қасқыр, ян-ян-қоян, тү-тү-түлкі, бан-бан-қабан, а-а-аю, іл-іл-піл Қ-қ-қ-қо-қо-қоян; қ-қ-қ-қу-қу-ыр-шақ; Мынау піл. Пі-і-іл-іл-міне,-піл;<br>**Сөздік қор:** Түлкі, қоян,аю, піл, қасқыр, қабан, тиін, жолбарыс, арыстан<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Ойыншықтарды нөмірі бойынша ата. Мұғалім ойыншықтың нөмірін атайды. Балалар нөмірлі ойыншықты тауып, атауын атайды.Мынау- қоян. Қоян сәбіз, қырыққабат, шөп жейді. Мынау үлкен қоңыр аю. Ол бал жейді.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>**Сиқырлы қоржын» ойыны.** Балалар кезекпен келіп, көздерін жұмып қоржындағы ойыншықтарды алады да | **Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Орман аңдары»**<br>**Мақсаты:** Сұрақтарға қысқа және толық нақты жауап беруге баулу .<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Мақсаты:**<br>**Қ, Ү** дыбыстарын анық айтуға баулу**.** Қа-қа-қасқыр, ян-ян-қоян, тү-тү-түлкі, бан-бан-қабан, а-а-аю, іл-іл-піл<br>**Сөздік қор** Түлкі, қабан қоян,аю, піл, қасқыр, жолбарыс, тиін, арыстан<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы. «Сиқырлы текше»** ойыны арқылы жаңа сөздерді қайталап, іс- әрекетті қорыту.<br>**Мақсаты**:Артикуляциялық және дауыс аппаратын, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуге баулу.<br><br>Балалар шеңбер бойы тұрады. Ойынды бірінші болып мұғалім бастайды. Текшені ортаға тастайды, балалар текшеге түскен ойыншықты атайды.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Мақсаты**: Логикалық ойлауды дамыту.<br>**Жұмбақтар:**.<br>Қалқиған ұзын құлағы, елеңдеп қорқып тұрады. (қоян)<br>Көп, көп, көп ине, Бір сабағы жоқ ине, Іс тікпейді әрине. Бұл не? |

| | | |
|---|---|---|
| | саусақтарымен ұстау арқылы қай ойыншық екенін қазақ тілінде айта алады. Түстерін атайды. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.<br>**Күй күмбірі: Адай**<br>**Сергіту сәті:** «Айтқанды орында» түрлі іс-қимылдарды орындату. Отыр, тұр, жүгір, секір. | (кірпі)<br>Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (қоян)<br>Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады. (аю)<br>Өзі бір қу, Жүрген жері айқай шу. (түлкі)<br>**Күй күмбірі: Адай**<br>**Сергіту сәті:**<br>Суда біз жүземіз,<br>Тауға да шығамыз.<br>Шынығамыз жүгіріп,<br>Шынығамыз секіріп,<br>Шынығамыз адымдап<br>Бір мезгілде демаламыз<br>дамылдап. |
| **Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диологтар** | **Сөздік минимум:** Түлкі, қоян,аю, піл, қасқыр, қабан, тиін, жолбарыс, арыстан | Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.(Айша,Айна,Фариза) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: «**LauRus» балабақша- гимназиясы**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 13.01. - 17.01.25.
**Қазақ тілі мұғалімі:** Тулекова М.А.

| Күн тәртібінің кезеңдері | Сейсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жұмбақтар**<br>Беттескен қос табақ,<br>Ортасында бас тамақ.<br>Киізбен шоққа ораса,<br>Дәм піседі тамаша. (таба нан)<br><br>Үсті тас, асты тас, ортасында піскен ас. (нан) | Адам үшін өмірдің өзегімін.<br>Пайдамды бәрің дағы сезе білдің,.<br>Дәл менен миллиард пұт өнім алсаң,<br>Ырыс-құты артады өз еліңнің. (бидай) |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркемай» мектепалды топтары**<br>**« Азық - түлік»**<br>**Мақсаты:** Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу, сөздік қорын дамыту<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Ұ, Ү** дыбыстарын анық айтуға баулу**.** ан-ан-нан, үт-үт-сүт, ма-ма-май, ант-ант-қант, қ-қ-құрт, ріш-ріш-күріш, жү-жү-жүгері, та-та-талқан, бе-бе-сүзбе.<br>**Сөздік қор** азық-түлік, нан, сүт, май, қант, шай, бидай, бөлке, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы. Суретпен жұмыс. Мақсаты:** сөздік қорын дамыту және тағамдарды қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>Азық-түліктер бейнелеген суреттер. Суретке қарап әңгіме құрастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркемай» мектепалды топтары**<br>**Мақсаты:** ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұраққа жауап беруге баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ұ, Ү** дыбыс-тарын анық айтуға баулу**.** ан-ан-нан, үт-үт-сүт, ріш-ріш-күріш, жү-жү-жүгері, қан-қан-талқан, қаш-қаш-тоқаш,<br>**Сөздік қор** : азық-түлік, нан, ұн, тоқаш, бөлке, бауырсақ, таба-нан, бәліш, бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы. Суретпен жұмыс.** «Ас атасы-нан» тақырыбында әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** сөздік қорын дамыту және тағамдарды қадірлей білуге тәрбиелеу<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>**«Мен секілді қайтала».** Азық-түлік түрлерінің атауларын қайталап айту<br>**Мақсаты:** балалар сөздерді, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане қанат жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дид.ойын: «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты:** Ойлау, көру жүйесімен қабылдау қабілетте-рін дамыту, азық-түлік атауларын дұрыс айтуға дағдыландыру. Балалар кезекпен қуыршаққа тамақ беріп,  есінде қалған сөздерді айтады.<br>**Сергіту сәті .**<br>Оңға, оңға түзу тұр.<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Жоғары - төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Күй күмбірі: Көңіл толқыны** | Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық.<br>**Күй күмбірі: Көңіл толқыны** |
| **Балалар мен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидакти-калық ойындар, жеке жұмыс, диологтар** | **Сөздік минимум** шай, бидай, бөлке, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран<br>(Қайсар,Мариям,Айназ) | Әлемге нұрын шашады.      (күн)<br>Не теңіз емес,<br>Не өзен емес,<br>Бірақ толқиды.  (егін) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «LauRus» балабақша- гимназиясы**
***Жоспардың құрылу кезеңі:* 20.01 – 24.01.2025 ж.**
**Қазақ тілі мұғалімі: Тулекова М.А.**
**Дәйек сөз: «Әділ заң –аспан тірегі !**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Мақал**<br>Отанды сүю — отбасынан басталады.<br>Әркімнің өз жері — жұмақ.<br>Отансыз адам – ормасыз бұлбұл. | **Тақпақтар**<br>Ортақ бізге бір Отан, Ортақ жердің байлығы.<br>Еңбек ортақ, жер ортақ, Ортақ бізге барлығы. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Менің туған өлкем»**<br>**Мақсаты**: Өз өлкесін танып, сұрақтарға өз ой-пікірін айта білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қ, Ү** дыбыстарын анық, дұрыс айтуға үйрету. -ә–ә–ә–әсем, мі–мі–мі–әдемі, на–на–на –машина, бус–бус–бус–автобус,ше-ше-көше, қақ-қақ- су бұрқақ, па-па-үнтаспа, лік-лік-көлік, ла-ла-қала, ке-ке-өлке<br>**Сөздік қор:** Отан, ел, қала, әдемі,гүлзар бұрқақ, сарай, саябақ, ескерткіш, машина, автобус, трансспорт, көше<br>**Тілдің грамматикалық құрлымы. Дид.ойын.**<br>**«Кім не біледі?».**<br>–Біз қай қалада тұрамыз?<br>–Орал қандай қала?<br>–Орал қаласының көшелері қандай?<br>–Қандай ескерткіштер бар?<br>**Байланыстырып сөйлеу. Суретпен жұмыс**. «**Қалаға саяхат»Мақсаты:** Сурет бойынша 4-5 | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Менің қалам»**<br>**Мақсаты:** Сұрақтарға жауап беріп, әңгімелей білуге дағдыландыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ә–ә–ә–әсем, на–на–на – машина, бус–бус–бус–автобус,ше-ше-көше, қақ-қақ- су бұрқақ, па-па-үнтаспа, лік-лік-көлік, ла-ла-қала, ке-ке-өлке.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор:** қала, гүлзар, су бұрқақ, сарай, саябақ, ескерткіш, машина, автобус, трансспорт, көше, мұражай.<br>**Тілдің грамматикалық құрлымы: «Қазақстан қалалары»** дид. сөздік ойыны.<br>**Мақсаты:** Қазақстан қалалар аттарын атай білуге үйрету.<br>Қазақстан қалалары суреттері бойынша әңгімелесу.<br>Қарапайым сұраққа жауап бере алуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Фотосуреттер, слайд арқылы «Менің қалам»** тақырыбында әңгіме құрастыру. Қала көшелерін тамашалайды. Көліктер туралы әңгімелесу.<br>**Сергіту сәті.** |

| | | |
|---|---|---|
| | сөйлеммен сипаттауға, оқиғаны ойлап табуға баулу.Сурет бойынша балаларды өз қаласы туралы түсіндіру, таныстыру, көрікті жерлерін атай білуге үйрету, тіл мәдениетін жетілдіріп, мақтаныш сезімін ұялату, сөздік қорларын байыту.<br>Суретке қарап шағын әңгіме құрастырады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ерте тұрып күнде мен<br>Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын. | Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі. |
| **Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диологтар, тақпақтар,<br>өлеңдер жаттау)** | **Сөздік минимум:** Отан, ел, қала, әдемі,гүлзар бұрқақ, сарай, саябақ, ескерткіш, машина, автобус, трансспорт, көше<br>**(Айша,Ерсін,Айда,Хан)**<br><br>**Күй күмбірі: «Әлқисса»** | Төгілген қаламынан шуақ нұры,<br>Самғаған зеңгір көкте күй қанаты.<br>Ақұштап,Қадір аға қуат жыры,<br>Домбыра–Құрманғазы аманаты.<br>Жұбандар жырлап өткен атамекен,<br>Жайықтың қойнауынан орын тепкен.<br>Исатай мұра қылған суат-қыры.<br>Махамбет ерліктері – мұрағаты.(Азиз,Мардан,Аймира) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: «**LauRus» балабақша- гимназиясы**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 27.01. - 31.01.25.
**Қазақ тіл імұғалімі:** Тулекова М.А.
***Дәйек сөз: «Тәртісіз ел болмайды»***

| Апта күндері | Сейсенбі | Бейсенбң |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Торғай, торғай, торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын, тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың. | Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br>**Өнегелі 15 мин.** Ата-аналарға «Бала тәрбиесі – ортақ іс» |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қыстайтын құстар»**<br>**Мақсаты:**Сұрақтарға жай сөйлемдермен жауап беруді, шағын сипаттама беруді үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ғай – ғай – ғай – торғай,ғаш- ғаш- ғаш –қарлығаш, -іт-іт-іт – бүркіт, ұс-ұс-ұс-құс, ұя-ұя-құс ұясы, ,ға-ға-қарға<br>**Сөздік қор:**құстар, торғай, қарылғаш, бүркіт, қарға, сауысқан, орманшы,қорықшы.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: Мақсаты:** ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақ-тарға жауап беруге баулу. Балалар, біз бүгін құстар туралы жазушы М. Зверевті «Су торғайы» атты әңгімесін оқимыз. М.Зверев жазушы, табиғат, құстар, жәндік-тер туралы әңгімелер жазған.<br>Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады.<br>Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр- шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол-қайқы құйрық, кішкен-тай қара торғай. Торғай | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Құстар біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:**Сұрақтарға жай сөйлемдермен жауап беруді, шағын сипаттама беруді үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ғай – ғай – ғай – торғай,-ғаш- ғаш- ғаш – қарлығаш, -іт-іт-іт – бүркіт, ұс-ұс-ұс-құс, ұя-ұя-құс ұясы,ға-ға-қарға<br>**Сөздік қор:**құстар, торғай, қарылғаш, бүркіт, қарға, сауысқан, орманшы,қорықшы.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: Дид.ойын.** «Қалай дауыстайды» -құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың даусын ажырата білуге үйрету.<br><br>Ойын арқылы құстарға деген сүйіспеншілігін арттыру.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу« Қыстайтын құстар»** тақырыбына әңгімелесу.<br><br>**Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелер мәтінін ойдан құрастыруға үйрету.** |

| | | |
|---|---|---|
| | шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбіне жорғалап, тастардың ара –арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты.Тырнақтары ұшына мұз қатып қалған. Оны елең қыл- мастан зыр  жорғалап, баяғысышаәндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс? Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы жемін су түбінен табады.<br>Балаларға мазмұнын видеоролик тамашалау арқылы түсіндіріледі.<br>Мұғалім  балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды.<br>1. Әңгімеде жылдың қай мезгілі айтылған?<br>2. Әңгіме не туралы?<br>3. Су торғайын кім сипаттап береді?<br>4. Су торғайы жемін қайдан табады?<br>5. Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңейді?<br>- Әңгімеден су торғайы қандай құстарға жатады?<br>Балалар құстар қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар болып бөлінеді.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>**Дид.ойын: «Қыстайтын, жылы жаққа ұшып кететін құстарды ажырат».** Балалар құстардың суреттері бар үлестірмелі карточкалар арқылы ажыратып белгілейді.<br>**Күй күмбірі: Балбырауын**<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане қанат жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық. | 1.Балалар мынау қандай құс екенін білесіндер ме?<br><br>2.Бұл құс үй құсына жатады ма?<br>3.Балалорманда,тауда,<br>жалпы табиғат аясында қандай құстар мекендейді<br><br>**Күй күмбірі: Балбырауын**<br>**Сергіту сәті:**<br>Суда біз жүземіз,<br>Тауға да шығамыз.<br>Шынығамыз жүгіріп,<br>Шынығамыз секіріп,<br>Шынығамыз адымдап<br>Бір мезгілде демаламыз<br>дамылдап. |
| **Балалар**<br>**мен күнделікті жұмыс (сөздік минимум,**<br>**Дидакти-калық**<br>**ойындар,**<br>**жеке жұмыс, диологтар** | **Сөздік минимум:** қыс,қар, құстар, торғай, қарылғаш, бүркіт, қарға, сауысқан, орман, орманшы,қорықшы.(Алихан,Ақмат,Ислам) | Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз. (Айзере,Султан) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды**
**жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: . 03.02 - 07.02.25.ж**
**Қазақ тіл імұғалімі: Тулекова М.А.**
**Дәйек сөз: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге »**

| Апта күндері | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз | Ерте тұрып күнде мен<br>Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>Тақырыбы**:** Сандар әлемі. «І» дыбысы.<br>Бірден онға дейін қазақ тілінде санай білуге үйрету. Тілді түсіну, есте сақтау қабілеттерін дамыту. «І», «ы» дыбыстарын дұрыс айта білуге жаттықтыру.<br>«Күй күмбірі». Құрманғазы С. «Сарыарқа».<br>1.Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері<br>Қуан шаттан, Қуан шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң,Қайырлы күн. Күліп шықты, күн бүгін<br>2. Өткен тақырыпты қайталату. Д/ ойын: «Сипатынан таны» сұрақ - жауап арқылы сөйлем құрату.<br>3. Д ыбыстық жаттығулар.<br>Ір – ір – ір – мына сан бір, кі – кі – кі – мына сан екі, өрт – өрт – өрт – мына сан төрт,<br>Ес – ес – ес – мына сан бес, ты – ты – ты – мына сан алты, ті – ті – ті – мына сан жеті,<br>Гіз – гіз – гіз – мына сан сегіз, ғыз – ғыз – ғыз – мына сан тоғыз.<br>4. Д\ойын «Қанша, неше?» К\н: сұрақтарды түсініп, толық жауап бере алады | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>Тақырыбы**:** Жануарлар әлемі: Жабайы аңдар<br>Жабайы жануарлар қазақша атауларымен таныстыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу, сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл байлықтарын дамыту.<br>«Аң» сөзіндегі «Ң» дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру.<br>«Күй күмбірі». Қ.Сағырбаев. «Адай».<br>1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.<br>Қуанамыз күлеміз, бар әлемді сүйеміз!<br>Қол ұстасып, қуанып. Достармен бір жүреміз!<br>2. Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын: «Қызыл тетік» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау.<br>Жаңа сөздер: Аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, жылан, жолбарыс, керік, кірпі<br>3. Дыбыстық жаттығулар.<br>Кі – кі – кі – қу түлкі, қыр – қыр – қыр – сұр қасқыр, тан – тан – тан – аң патшасы арыстан,<br>Іл – іл – іл – үлкен піл, рыс – рыс – рыс – жолбарыс, ю –ю – ю – бұл аң аю.<br>4. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»: үнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, |

| | | |
|---|---|---|
| | 5. Сергіту сәті. «Бұйрығымды орында»<br>Екі рет алақан соқ, үш рет ...<br>6. «Саусақтармен ойнайық». (санамақтар айту)<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей, ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті, төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау, ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он, сегіз, тоғыз, он.<br>Ал, қанекей қон! Асықпа да, саспа,<br>Бірден қайта баста!<br>7. Д/ойын: «Сөз сандығы». Мақсаты: өтілген тақырыптарды естеріне түсіру. Әр дұрыс жауап арқылы сандыққа әшекейлер жинау.<br>8.Ұлттық ойын. «Ақ сандық, көк сандық». М/ты: Сөз тапқырлығына, шешен сөйлей білуге, күштілікке баулу.<br>9. Қорытынды бөлім:  Балалар бір – бірін мадақтайды | ажырату.<br>5. « Ширату» жаттығуы.<br>Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлерден,  Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,  Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің.<br>6.«Суретте не артық?». Мақсаты: жабайы аңдарға жатпайтын жануар немесе құсты атау, неліктен артық екенін айту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдерін ширату, сөйлем құрап жауап бере білуге үйрету.<br>7. Дидактикалық ойын: «Орманға саяхат».  Мақсаты: орманда кездескен аңдарды атау,  сөздік қорларын молайту.<br>8. Ұлттық ойын. «Қыз қуу». М/ты: Берілген тапсырмаларға жауап беріп, текше лақтыру арқылы, мәреге жету.<br>9. Қорытынды бөлім:  Педагог қорытынды жасайды. Балалар бір – бірін мадақтайды. |
| **Балалар<br>мен күнделікті жұмыс (сөздік минимум,<br>Дидакти-калық<br>ойындар,<br>жеке жұмыс, диологтар** | | **Ұ, Ү** дыбыстарын анық айтуға баулу**.** ан-ан-нан,  үт-үт-сүт, ма-ма-май, ант-ант-қант, қ-қ-құрт, ріш-ріш-күріш, жү-жү-жүгері, та-та-талқан, бе-бе-сүзбе.(Хан,Айзере.Ислпа) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 10.02. - 14.02.25.ж**

**Қазақ тіл імұғалімі: Тулекова М.А.**

**Дәйек сөз: «Шығармашыл бала-ойлы бала»**

| Апта күндері | Сейсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз | Ерте тұрып күнде мен<br>Тереземді ашамын.<br>Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>Бүгін бізге қонаққа Аққала келді. Ол бізге «Шытырман» тапсырмаларын шешуге көмектеседі.–Балалар тапсырманы шешіп Аққаламен бірге ойнаймыз ба?<br>*Аққала:* Тапқыр, тапқыр, тапқырлық,<br>Тамаша ғой батылдық.<br>Алға басып келеміз,<br>Шытырманды шешеміз.<br>–Шытырманда әр бұрылыста дұрыс жаққа бұрылсақ, қоңырау сылдырлайды.Шытырман бойынша техника құралдарымен таныстыру. Шаңсорғыш, теледидар, телефон.<br>Аққаламен бірге тапсырмаларды шешеді. Жаңа сөздермен танысады. Дыбыстық жаттығуларды орындайды.<br>**2.: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ү, Ұ** дыбыстарын дұрыс айтуды қайталау.<br>ыш-ыш-ыш шаңсорғыш, і-і- іс машинасы, -ар-ар-ар теледидар, он-он-он телефон, тік-тік-үтік, ғы-ғы-бұрғы-ыш-ыш-ыш қара шаңсорғыш, ар-ар-ар цифрлық теледидар, он-он-он телефон<br>**3.Сөздік қор:**телефон, теледидар, шаңсорғыш, үтік, тоңазытқыш, компьютер, үтік | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Аңдардың қысқы тіршілігі»**<br>**І. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз!<br>Күлімдеген күндейміз!<br>Еш уайымды білмейміз.<br>Балалар, сендерге сәлемдеме келді. Кәнеки, ашып көрелік.<br>-Ой мында қоржын толы аңдар ғой. Бірақ қоржынннның бір шарты бар екен. Осы аңдардарды қазақша атап үйренсек қана ойнауға болады екен. Қоржынның шартын қабыл аламыз ба? Қоржындағы ойыншықтармен таныстырамыз: мынау-қонжық, мынау-қоян.<br>Қандай дыбыстан басталып тұр? Қ-қ-қ-қо-қо-қоян; қ-қ-қ-қу-қу-ыр-шақ; ян-ян-ян- міне-қоян.<br>Мынау піл. Пі-і-іл-іл-міне,-піл; І-і-іл-міне-піл,<br>**2.Меңгерілетін сөздер:** Түлкі, қоян,аю, піл, қасқыр, қабан, жолбарыс, тиін, арыстан<br>**3.: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қ, Ү** дыбыстарын анық айтуға баулу**.** Қа-қа-қасқыр, ян-ян-қоян, тү-тү-түлкі, бан-бан-қабан, а-а-аю, іл-іл-піл<br>**4.Өлең жолдарын жаттау** |

| | | |
|---|---|---|
| | **4.Сергіту сәті.**<br>Тік жүреміз, бұрылыс.<br>Оңға ма, солға ма?<br>Дың–дың – қоңыраумын,<br>Дың–Дың– соғыламын.<br>Мені  тыңда, жло табамын.<br>**5. Тіл дамыту.I тапсырма.** Жұмбақ арқылы балалардан сұрау.<br>Он таңбалы цифрлы,<br>Әрекеті сиқырлы.<br>Терсең болды сандарын,<br>Сөйлер керек жандарын.                (*Телефон* )<br>Иығына ал шығып,<br>Тұмсығынан шаншылып,<br>Күндіз қазып, түн қазып,<br>Берсін талай ін қазып.                    (*Бұрғы*)<br>**6. II тапсырма Өлең жаттайық.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуге үйрету.<br>**7. III тапсырма.**Оңға ма?Солға ма?<br>Көлді жапқан қақпа,<br>Сіресіп тұр қатты–ақ. Ол не?<br>**8. IV тапсырма.** Сурет бойынша әңгіме құраймыз. Техниканың адам өміріне пайдасымен әсері туралы. Балалар үй жағдайында қандай техника қолданатынын айтады.<br>Сұрақ-жауап: Қандай техника құралдарын білесіңдер?<br>Үйде қандай техника бар ?<br>Адам өміріне пайдалыма ?<br>**9. Қорытынды.**<br>Аққала. Тапқыр, тапқыр, тапқырлық,<br>Тамаша ғой батылдық.<br>Алға басып, келдік біз,<br>Шытырманды шештік біз!Алақай!<br>Мұғалім: – Сау болыңыздар, балалар!<br>Балалар аққаламен бірге тақпақ айтып алға қарай жүреді.<br>Сау болыңыз! | Түлкі деген қу ғой,<br>Жүрген жері шу ғой.<br>Жатып алып жағада,<br>Іздегені ду ғой.<br>**5.«Не жоқ?» ойыны.**  Шарты: Балалар көздерін жұмып, мұғалім үстел үстіндегі ойыншықтарды кезекпен жасырады. Балалар көздерін ашып жоқ ойыншықты тауып қандай аң екенін айтады.<br>6.«**Сиырлы қоржын» ойыны.**  Шарты: Балалар кезекпен келіп, көздерін жұмып  қоржындағы ойыншықтарды алады да саусақтарымен ұстау арқылы қай ойыншық екенін қазақ тілінде айта алады. Түстерін атайды. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.<br>**7.Сергіту сәті:** «Айтқанды орында»  түрлі іс-қимылдарды орындату. Отыр, тұр, жүгір, секір.<br>**8.Дәптермен жұмыс.** Ойыншықтарды нөмірі бойынша ата. Мұғалім ойыншықтың нөмірін атайды. Балалар сол нөмірлі ойыншықты тауып, қазақша атауын атайды.Мынау- қоян. Қоян сәбіз, қырыққабат, шөп жейді. Мынау үлкен қоңыр аю. Ол бал жейді.<br>**9.Жұмбақ жасыру**. Қалқиған ұзын құлағы, елеңдеп қорқып тұрады. (қоян) Көп, көп, көп ине,<br>Бір сабағы жоқ ине,  Іс тікпейді әрине. Бұл не? –кірпі<br>**10.Тіл дамыту.**<br>Сенде не бар? Сөздегі қазақ тіліне тән **Қ, Ү** дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады.<br>**11.«Сиқырлы текше»** ойыны арқылы жаңа сөздерді қайталап, іс әрекетті қорыту.<br>Шарты: балалар шеңбер бойы тұрады. Ойынды бірінші болып мұғалім бастайды. Ол текшені ортаға тастайды, балалар текшеге түскен ойыншықты атайды. Ұйымдастырылған іс –әрекетке  жақсы қатысқан балаларды мадақтау.<br>Ұйымдастырылған іс –әрекеттің  аяқталғанын айтып, қоштасу. |

| | | |
|---|---|---|
| **Балалар<br>мен күнделікті жұмыс (сөздік минимум,<br>Дидакти-калық<br>ойындар,<br>жеке жұмыс, диологтар** | | |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: «**LauRus» балабақша- гимназиясы**

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 17.02 - 21.02.25. ж

**Қазақ тіл імұғалімі:** Тулекова М.А.

**Дәйек сөз: «Өнерлі бала өрге жүзер»**

| Апта күндері | Сейсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Торғай, торғай, торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын, тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың. | Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br>**Өнегелі 15 мин.** Ата-аналарға «Бала тәрбиесі – ортақ іс» |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Қыстайтын құстар»**<br>**Мақсаты:**Сұрақтарға жай сөйлемдермен жауап беруді, шағын сипаттама беруді үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ғай – ғай – ғай – торғай,ғаш- ғаш- ғаш –қарлығаш, -іт-іт-іт – бүркіт, ұс-ұс-ұс-құс, ұя-ұя-құс ұясы, ,ға-ға-қарға<br>**Сөздік қор:**құстар, торғай, қарылғаш, бүркіт, қарға, сауысқан, орманшы,қорықшы.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: Мақсаты:** ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақ-тарға жауап беруге баулу. Балалар, біз бүгін құстар туралы жазушы М. Зверевті «Су торғайы» атты әңгімесін оқимыз. М.Зверев жазушы, табиғат, құстар, жәндік-тер туралы әңгімелер жазған.<br>Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады.<br>Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр- шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол- қайкы құйрық, кішкен-тай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбіне жорғалап, тастардың ара –арасын | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Құстар біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:**Сұрақтарға жай сөйлемдермен жауап беруді, шағын сипаттама беруді үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** ғай – ғай – ғай – торғай,-ғаш- ғаш- ғаш – қарлығаш, -іт-іт-іт – бүркіт, ұс-ұс-ұс-құс, ұя-ұя-құс ұясы,ға-ға-қарға<br>**Сөздік қор:**құстар, торғай, қарылғаш, бүркіт, қарға, сауысқан, орманшы,қорықшы.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: Дид.ойын.** «Қалай дауыстайды» -құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың даусын ажырата білуге үйрету.<br><br>Ойын арқылы құстарға деген сүйіспеншілігін арттыру.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу« Қыстайтын құстар»** тақырыбына әңгімелесу.<br><br>**Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелер мәтінін ойдан құрастыруға үйрету.**<br>1.Балалар мынау қандай құс екенін білесіңдер ме?<br><br>2.Бұл құс үй құсына жатады ма? |

| | | |
|---|---|---|
| | шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты.Тырнақтары ұшына мұз қатып қалған. Оны елең қыл- мастан зыр  жорғалап, баяғысышаәндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс? Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы жемін су түбінен табады.<br>Балаларға мазмұнын видеоролик тамашалау арқылы түсіндіріледі.<br>Мұғалім  балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды.<br>1. Әңгімеде жылдың қай мезгілі айтылған?<br>2. Әңгіме не туралы?<br>3. Су торғайын кім сипаттап береді?<br>4. Су торғайы жемін қайдан табады?<br>5. Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңейді?<br>- Әңгімеден су торғайы қандай құстарға жатады?<br>Балалар құстар қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар болып бөлінеді.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>**Дид.ойын: «Қыстайтын, жылы жаққа ұшып кететін құстарды ажырат».** Балалар құстардың суреттері бар үлестірмелі карточкалар арқылы ажыратып белгілейді.<br>**Күй күмбірі: Балбырауын**<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане қанат жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық. | 3.Балалорманда,тауда,<br>жалпы табиғат аясында қандай құстар мекендейді<br><br>**Күй күмбірі: Балбырауын**<br>**Сергіту сәті:**<br>Суда біз жүземіз,<br>Тауға да шығамыз.<br>Шынығамыз жүгіріп,<br>Шынығамыз секіріп,<br>Шынығамыз адымдап<br>Бір мезгілде демаламыз<br>дамылдап. |
| **Балалар**<br>**мен күнделікті жұмыс (сөздік минимум,**<br>**Дидакти-калық**<br>**ойындар,**<br>**жеке жұмыс, диологтар** | **Сөздік минимум:** қыс,қар, құстар, торғай, қарылғаш, бүркіт, қарға, сауысқан, орман, орманшы,қорықшы.(Алихан,Ақмат,Ислам) | Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз. (Айзере,Султан) |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «LauRus» балабақша- гимназиясы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: . 24.02 – 28 .02.25.ж**
**Қазақ тіл імұғалімі: Тулекова М.А.**
**Дәйек сөз: «Жаңашылдық –заман талабы»**

| Апта күндері | Сейсенбі | Бейсенбң |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық** | Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз!<br>Күлімдеген күндейміз!<br>Еш уайымды білмейміз | Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>**«Алуан-алуан кәсіп бар»**<br>**1.Шаттық шеңбері.**<br>Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу:<br>Сәлеметсіз бе, балалар!<br>Қанеки, барлығымыз шаттық шеңберіне тұрайық!<br>- Сәлеметсіз бе, Балалар бірге шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын қайталайды.<br>- Қайырлы таң, көздерім!<br>-Ояндыңдар ма? (қабақтарын сипайды).<br>-Қайырлы таң, құлақтарым! -Ояндыңдар ма? (құлақтарын сипайды).<br>-Қайырлы таң, қолдарым! -Ояндыңдар ма? (қолдарымен шапалақтайды).<br>-Қайырлы таң, аяқтарым! -Ояндыңдар ма? (аяқпен жерді тебу).<br>-Қайырлы таң, ұстазым! -Мен ояндым! (Күлімсіреп, күнге қолдарын созады)<br>**2. Меңгерілетін сөздер:** мамандық, кәсіп, жұмыс, мұғалім, дәрігер, тәрбиеші, есепші, ұшқыш, әнші, аңшы, орманшы, қорықшы, орман аңдары, аң, аңшы<br>**3. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>- қазақ тіліне тән **Ү, Ұ** дыбыстарын дұрыс айтуға | **«Балдырған» , «Айналайын»,»Еркем-ай» мектепалды топтары**<br>Жануарлар әлемі: Жабайы аңдар<br>Жабайы жануарлар қазақша атауларымен таныстыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу, сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл байлықтарын дамыту.<br>«Аң» сөзіндегі «Ң» дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру.<br>«Күй күмбірі». Қ.Сағырбаев. «Адай».<br>1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.<br>Қуанамыз күлеміз, бар әлемді сүйеміз!<br>Қол ұстасып, қуанып. Достармен бір жүреміз!<br>2. Өткен тақырыпты қайталату. Дидактикалық ойын: «Қызыл тетік» сұрақ - жауап арқылы өткен тақырыпты қайталау.<br>Жаңа сөздер: Аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, жылан, жолбарыс, керік, кірпі<br>**3. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Кі – кі – кі – қу түлкі, қыр – қыр – қыр – сұр қасқыр, тан – тан – тан – аң патшасы арыстан,<br>Іл – іл – іл – үлкен піл, рыс – рыс – рыс – жолбарыс, ю –ю – ю – бұл аң аю.<br>4. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»: үнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату. |

| | | |
|---|---|---|
| | үйрету кә-кә-кә-кәсіп, дық-дық-дық-мамандық, жұ-жұ-жұ-жұмыс, ұш-ұш-ұш-ұшқыш, рық-рық-қорық, шы-шы-аңшы, ор-ор-орманшы.<br>**4«Алуан-алуан кәсіп бар» Мақсаты** Аңшылық кәсіп туралы түсіндіру. Үнемі айтыла бермейтін кәсіптердің бірі аңшылық, аң аулау, орман шаруашылығы туралы балаларға түсінік беру. Аң, аңшы, орман аңдары, орман өсімдіктері, орманшы, қорықшы сөздерімен сөздік қорын дамыту.Қорық туралы түсіндіру. Қорғауға алынған жануарлар мен өсімдіктер.Әңгімелесу. Мамандықтың түрі көп. Жақсы маман болу үшін оқу керек, еңбек ету керек, көп білу керек.<br>**5. Сергіту сәті:** Балаларға өздері таңдаған мамандықтардың қимыл-қозғалыстармен көрсетуді ұсыну. Ал мұғалім оны шешу керек.<br>Біз бақытты баламыз<br>Отан біздің анамыз,<br>Әлпештен, өсірген,<br>Өмір нәрін алармын,<br>Оның жұпар төсінен.<br>Біздің отан- ...<br>**6.Сөздік ойын: Ойын ойнайды.**<br>«Біз қай мамандықты ойладық?» жаңа сөздерді бекіту.<br><br>**7.Суретпен сұрақ-жауап Мақсаты:** Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды.<br>Мамандық иелерімен таныстық па? Оларды қайтала. Жақсы балалар! Ендеше мен де сендермен қоштасамын. Сау болыңыздар! | 5. « Ширату» жаттығуы.<br>Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің.<br>6. Тіл дамыту. «Суретте не артық?». Мақсаты: жабайы аңдарға жатпайтын жануар немесе құсты атау, неліктен артық екенін айту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдерін ширату, сөйлем құрап жауап бере білуге үйрету.<br>7. Дидактикалық ойын: «Орманға саяхат». Мақсаты: орманда кездескен аңдарды атау, сөздік қорларын молайту.<br>8. Ұлттық ойын. «Қыз қуу». М/ты: Берілген тапсырмаларға жауап беріп, текше лақтыру арқылы, мәреге жету.<br>9. Қорытынды бөлім: . Балалар бір – бірін мадақтайды |
| **Балалар<br>мен күнделікті жұмыс (сөздік минимум,<br>Дидакти-калық<br>ойындар,<br>жеке жұмыс, диологтар** | **Сөздік минимум:** қыс,аңшылық орман, орманшы,қорықшы.(Алихан,Ақмат,Ислам) | Дидактикалық ойын: «Орманға саяхат». Мақсаты: орманда кездескен аңдарды атау, сөздік қорларын молайту.(Алихан,Аяла,Султан) |